

«Жалтыр ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңес отырысының №1 хаттамасы

Күні: 05.09.2023 жыл

Қатысқандар:

- Төрайым - Серікбаева А.У., мектеп директоры.
- директордың ТІ жөніндегі орынбасары Найманбаева А.А.,
- директордың ОІ жөніндегі орынбасары Махметова М. ., Томкова Н.Э.
- оқытушы-ұйымдастырушы АӘ және ТД. Абильдин А.Ж.
- мектеп психологы А. К. Исмагулова
- бастауыш сынып ӘБ басшысы Каратовская Л.Н.
- жаратылыстану-математикалық цикл ӘБ басшысы Оспанова С.К.
- гуманитарлық цикл ӘБ басшысы Шаяхметова Г.Т.
- қорғаншылық және қамқоршылық кеңесінің мүшесі Халанская Е.Р.
- мектептің ата-аналар комитетінің төрағасы Уразова Ж.З.

Күн тәртібінде

1.2022-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебі

2.2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын бекіту

3. Мектептің ішкі тәртібін сақтау ережесін құрастыру

Тыңдалды:

Күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің төрайымы мектеп директоры Серікбаева А.У. сөз алды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кеңес мүшелерін таныстырып, сөз кезегін мектеп тәрбие ісі меңгерушілері Найманбаева А.А. мен Баймагамбетова Ж.А. сөз берді.

Сөйлегендер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбие ісі меңгерушілері сөз алды:

Найманбаева А.А. мен Баймагамбетова Ж.А. 2022-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебімен таныстырды. Қайырлы күн құрметті кеңеске қатысушылар. Өткен оқу жылына жалпы қорытынды жасайтын болсақ 8 Б сынып оқушысы Пунтас В. ақпан айында ұрлық жасау фактісі бойынша ұсталып, МІЕ және ІІБ инспекторы есебіндегі бақылауына тұрғызылды. Мектептің ішкі тәртібін бұзған 7 «А» сыныбы оқушылары Балтабек Ж., Сериков Д. Ауызша ескертпе берілді. Жазғы демалыс мезгілдерінеде мектебіміздің оқушылары арасында ешқандай құқықбұзушылық әрекеттер орын алған жоқ. Бұл сынып жетекшілер мен

ұжымның ортақ жұмыстарының нәтижесі деп білемін. Алдағы уақытта да құқықбұзушылық болмайды деп сенеміз.

Екінші мәселе бойынша Найманбаева А.А., Баймагамбетова Ж.А. сөз алды: Биылғы 2023-2024 оқу жылында мектепте жалпы құқықтық білім беру бағдарламасын оқушылар арасында, ата-аналармен жүргізілетін жалпы құқықтық білім беруді және мұғалімдерге арналған құқықтық жалпы оқыту бағдарламасын орындау мақсатында жасалған жұмыс жоспарымен таныстырамыз. Жоспар бойынша әр тоқсан сайын Кеңес мүшелерімен отырыс өткізілетін болады. Ай сайын рейд жұмысы, оқушылардың бос уақытын дұрыс жоспарлау басты нысанаға алынады. Оқушылардың құқықтық сауатын арттыру мақсатында сынып сағаттары, сауалнамалар жүргізіледі.

Үшінші мәселе бойынша Кеңес төрайымы Серикбаева А.У. сөз алды: Сәлеметсіздер ме, құрметті кеңес мүшелері. Бүгінгі отырысымыздың маңыздылығын сезініп отырған шығарсыздар. Бұл отырыста оқушыларымыздың құқық бұзушылығының алдын алумен қатар бірлесе отырып жою көзделіп отыр. Осы мәселеге байланысты мектептің ішкі тәртібін сақтау ережесін бірлесе отырып құрастыруды жөн көремін. Менің ұсынысым бойынша мектептің ішкі ережелеріне ұялы телефонды сабақ уақытында, қоңыраударда қатаң тыйым салу, мектептің мүлкін құртуға жол бермеу, мектеп формасының күнделікті киюін қадағалауды қосу керек.

Шешімі:

1. МІЕ және ПБ инспекторы есебіндегі оқушылармен жұмыс жалғасын тапсын.
2. Құқық бұзушылықтың алдын алу жоспары уақытылы жүргізілсін.
3. Мектептің ішкі ережесімен ата-аналар жиналысында таныстырылсын.

**Мектеп директоры
Хатшы**



Серік
**Серикбаева А.У.
Баймагамбетова Ж.А.**